

А. С. Қосжанов, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, заң ғылымдарының кандидаты, профессор;

Р. А. Копбулов, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің аға оқытушысы, құқық магистрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ — ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ДАМУ НЕГІЗІ

Әрбір мемлекет өзінің даму барысында өз халқының тарихына, салт-дәстүріне, саяси мәдениетінің деңгейіне және ең бастысы, менталитетіне неғұрлым толық сәйкес келетін саяси жүйе мен Конституцияның үлгісін таңдайды. Конституция жайлы бейнелеп былай деуге болады: бұл — белгілі бір халықтың жоғарыда айтылған ерекшеліктеріне қарай құрылатын саяси қоғамдық құрылым, егер де бұл саяси қоғамдық құрылым халықтың менталитетіне сәйкес келсе — онда бұл халық тұрақты даму мен гүлденуге қол жеткізеді.

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы», — деп басталатын біздің Конституциямыздағы осы сөздерде мемлекеттілігін жаңғыртып, жаңа әділетті қоғам орнатуды мұрат тұтқан сан ұрпақтың тарих сабақтастығы тоғысып жатыр. Мемлекет — аумақтың тұтастығы, азаматтардың топтасқандығы, билік институттары ғана емес, біз сонымен қатар ол өз бойына алдыңғы ұрпақтың өмір тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген ізгі үмітін сіңірген Конституция деп те білеміз.

Қазақстан Республикасы Конституциясы тұжырымдамасының негізінде Еуразиялық идея жатыр. Еуразия кеңістігінде өмір сүретін халықтардың өзіндік тарихи ерекшеліктері бар. Бүгінгі біздің Конституциямыз өзіне Азияға тән жеке-даралық, яғни күшті президенттік билік (бұл Конституцияның баптарында көрініс тапқан) пен еуропалық дәстүрге негізделген Парламенттің болуына негізделген. Дәл осы еуропалық және азиялық дәстүрлердің симбиозы, яғни Н. Ә. Назарбаевтың еуразиялық саяси философиясы 1995 жылғы Конституцияның негізі болып саналады, сондай-ақ уақыттың сынақтарына шыдас берген заманауи мемлекеттік құрылыстың қалыптасуына алып келді. Міне, осы философия Қазақстан халқының еуразиялық менталитетіне толығымен сәйкес келеді.

2014 жылы 20 маусым Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтіп, онда «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жолдау тыңдалып қабылданды. Негізгі заңдардың үстемдігін қамтамасыз ету саласында конституциялық соттар мен баламалы институттар арасындағы тығыз ынтымақтастықты әлемдік деңгейде қамтамасыз етудегі жұмыстардың дұрыс бағасын алғанының дәйегі ретінде, төраға Конституциялық Кеңестің конституциялық бақылау органдары халықаралық қауымдастығының — Конституциялық сот төрелігі жөніндегі бүкіләлемдік конференцияның құрамына қабылдануын алға тартты. Бұл — Қазақстанда конституционализмнің ойдағыдай дамып отырғанының дәлелі, — деді ол өз сөзінде. Одан әрі елдегі конституциялық жаңғыртудағы оң үрдістерге тоқталып өткен төраға Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдеріне, Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы Жолдауларға жасалған талдау негізінде бірқатар ұсынымдар мен ұсыныстарды ортаға салды.

Оның алғашқысы — тиісті заң ұғымдарын орынды пайдаланудың көп жағдайларда құқықтық шығармашылықта оның мазмұны мен бағытталуына әсер ететіні. Заңдарды және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қабылданғаннан кейін қолданылу барысында жоғарыда көрсетілген жайттардың айқындалушы түрде ықпалы бар. Сонымен бірге, заңдарды қабылдауда және қолдануда конституциялық ұғыну аппаратын пайдалану ерекше ұқыптылықты талап етеді, деген ол екінші ұсынымда заңнамалық актілер және соларға ілесе жүретін заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді бір мезгілде шығарудың қажеттігіне баса мән берді. Өйткені, қайсыбір заң қабылданғанда «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» қолданыстағы Заңға да тиісті талап енгізілуі қажет. Алайда, ол әрдайым орындала бермейді, заңға тәуелді құқықтық актілер көп жағдайларда едәуір кешігіп барып қабылданады немесе мүлдем қабылданбайды, осыған

байланысты заңнамалық және заңға тәуелді жолмен реттеуде тепе-теңдік жетімсіздігі байқалады деді, төраға.

Сонымен қатар, қабылданған шешімдер оның тараптары үшін міндетті сипатқа ие халықаралық интеграциялық бірлестіктердің ұлттық деңгейден жоғары реттеуші органдарының қалыптасуына орай, халықаралық-құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестік тұрғысында бақылау мәселелері өзекті бола бастағанын алға тартты. Расында, еліміздің жаңа интеграциялық ұйым — ЕАЭО аясында жұмыс жасауында бұл мәселенің өзектілігі айқын сезілетіні дау тудырмайды. Сол себептен, халықаралық шарттарға қол қойылғанға және бекітілгенге дейін, ол заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексере отырып, сарапшылық жұмыстың деңгейін арттырудың маңыздылығы кезек күттірмейді.

Конституция қабылданған 1995 жылы біздің мемлекетіміздің дамуында күрделі кезең басталды. Сол тұста Қазақстан Президенті қысқа мерзім ішінде бір өзі нарықтық экономиканы қалыптастырудың мықты іргетасына, мемлекетіміздің одан әрі дамуына серпін берген саяси жүйенің тірегіне айналған 147 заң қабылдады.

Нақ осы заңдар біздің Отанымыздың аяқтан тұруына ықпал етіп, тұрақты экономикалық өсім деңгейіне әкелді. Заңдардың іске асуының алғашқы нәтижелері 1995 жылдың соңына таман-ақ көрініс бере бастады. Бір жарым онжылдықты артқа тастаған бүгінгі уақыт көзімен қарар болсақ, Қазақстан Республикасындағы қазіргі заңнамалық актілерінің басым бөлігі 1995 жылдың наурызы мен қарашасы аралығында қабылданған заңды күші бар заңдар мен жарлықтардың қағидаттарына негізделеді.

Осылайша, қысқа мерзім ішінде республикадағы қоғамдық қатынастың түгелге жуығын қамтитын 147 заң еліміз бен оның тұрғындарының ең басты заңы — Қазақстан Республикасы Конституциясын қабылдауға қуатты база болды. 1995 жылдың 30 тамызында еліміздің жаңа негізгі Заңын қабылдау сол кезеңдегі мемлекет басшысының белсенді заң шығару қызметінің өзіндік қорытындысы болды. Конституцияның жобасын әзірлеуге, талқылауға және түсіндіруге қазақстандық қоғамның көптеген бөлігі — ғалымдар, саясаткерлер, шығармашылық зиялы қауым, кәсіпкерлер мен мемлекеттік қызметшілер, жұмыскерлер мен ауылдық елді мекен тұрғындары, студент жастар тартылды. Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені ескеру үшін Конституцияны талқылау жұмысына шетелдік сарапшылар да қатысты.

Конституциялық құрылыстың осынау кезеңінде біз алдымызға аса күрделі, сан қырлы, әрі барынша жауапты міндеттер қойдық. Біріншіден, жаңадан құрылған мемлекеттігімізді, мемлекеттік билік пен басқарудың күллі жүйесін жан-жақты нығайту керек еді. Екіншіден, экономикамызды түбегейлі реформалау мен оны терең дағдарыстан шығарудың қауырт проблемаларын шешу қажет болды. Үшіншіден, оған сындарлы сыртқы саясат жүргізу міндетін қосыңыз. Төртіншіден, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету керек еді. Сайып келгенде, өркениетті әлемде азаматтардың жалпыға танылған құқықтары мен бостандықтарын орнықтыруға, демократиялық институттарды дамытуға қатысты міндеттердің бәрін шешуге тиіс болдық.

Бүгін, біз өзіміз алдымызға қойған міндеттерді біз іске асыра білдік деп айтуымызға әбден болады. Бұған көбіне-көп «қатандар» санатына жатқызуға болатын Негізгі Заң қабылдауымыз жәрдемдесті деуім керек, бұлай атауға оған өзгерістер мен толықтыруларды оның өзі ерекше, әрі қатаң шектейтін жағдайларда ғана енгізуге ғана мүмкіндік берілетіні себеп болып отыр. Бұл сол кезде аса ділгір мәселе еді, қазірде де өзінің көкейкестілігін сақтап отыр. Себебі, мемлекеттік құрылыс, экономикалық үлгіні таңдау, басымдықтарды бағамдау хақындағы пікірлер тым ала-құла еді. Саяси сайыс қызуының шығандап кеткені сонша, оны саясатта да, экономикада да бірыңғай «ойын тәртібін» белгілеу арқылы ғана сындарлы арнаға түсіруге болатын еді.

Қазақстан халқы Конституцияға дауыс беру арқылы сол уақытта объективті тұрғыда орныққан президенттік басқару нысанын бекемдеп берді. Бұл таңдау кездейсоқ емес. Ол алдыңғы тарихымыз бен бүгінгі болмысымыздан, қандай да бір әлеуметтік экономикалық дағдарыстарға немесе биліктің әртүрлі тармақтары арасындағы алауыздыққа байланысты ауытқушылықтарға жол бермейтін қуатты топтасқан билік жүйесінің қажеттігінен туындады.

Президенттік басқару нысанының ауқымында Мемлекет басшысының мәртебесі оның «ахуалды» меңгеруіне, сөйтіп Қазақстан жағдайында мемлекеттік билік органдарының үйлесімді қызмет етуін қамтамасыз етуге, қоғамды ойдағыдай және түпкілікті реформалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қуатты әлеуметтік жіктеліс жүріп жатқан кезде көп ұлтты әрі көп дінді қоғамда азаматтық татулықтың, қоғамдық тұрақтылықтың және ұлтаралық келісімнің кепілі Президент сынды тұлғаның болуы өмірлік мәнді мәселеге айналады. Ол сонымен қатар өкіметтің өзін тағайындап отырған халықтың алдындағы жауапкершілігін көтерудің де ұтымды құралы.

Біз мемлекеттік биліктің заңнамалық атқарушылық және сот тармақтарының ара жігін ажыратудың конституциялық күрделі міндетін шеше білдік. Бір жағынан олардың тығыз ынтымақтастығын қамтамасыз ететін, екінші жағынан олардың Конституция мен заңдарда белгіленген өзара тежегіш, бірінің құзыретіне бірінің араласуына жол бермейтін тетігі сомдалды. Бұл ретте билікті ажырату принципіне кереғар келетін — «билік бөлінісіне» ұрынуға жол бермеудің маңызы ерекше болды, мұның өзі, керісінше, билік тармақтарының бір-біріне қарсы тұруын, билік басындағы жекелеген адамдардың тайталасын ушықтыра түсер еді.

Өткен уақыттың ішінде бізде үкіметтік немесе парламенттік дағдарыстардың туындамағанын да айта кеткен орынды. Биліктің тұрақтылығы реформаларды жүргізудің жоспарлылығын, кезеңдерін, биліктің әр тармағындағы саясат сабақтастығын қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде қоғамда саяси тұрақтылық сақталды.

Қазақстанның біртұтас халқы мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылатыны біз үшін ақиқатқа айналды, демек оның мүддесіне қызмет ету үшін өкімет өзінің табиғаты мен мақсаткерлігі тұрғысында әрі қуатты, әрі үйлесімді болуға тиіс. Бұл әлемдік үрдістерге сай келеді.

Осы заманғы әлемдік іс-тәжірибеде билік қатынастарын орнықтырудың жаңа үлгісінің көрініс бере бастағаны кездейсоқ емес. Еуропа Кеңесінің кесімдерінде жария етілген шарттастық принципі биліктің мемлекетаралық, мемлекеттік, аймақтық және өңірлік деңгейде бірін-бірі толықтыратын, өзара алмастыратын принциптерін бейнелейді. Айталық, Жергілікті өзін-өзі басқару хартиясы мен Аймақтық басқару хартиясы жобасының қағидалары осындай. Сондықтан да өзіміздің мемлекеттік құрылысымызда біз жаңа тұжырымдамаларды бейнелейтін тетіктер жасауға ден қоямыз.

1995 жылғы Конституциямыз экономикалық реформаларға тың серпін беріп, Үкімет қызметі үшін нарықтық қатынас талаптарына сай келген және сай келетін заңнамалық негіздің және заңнамалық өрістің жасалуын қамтамасыз етті. Мәселен, Конституция мемлекеттік те, жекелік те меншіктің бірдей қорғалуына кепілдік береді.

Біздің еліміз үшін жерді жеке меншікке жатқызу мүмкіндігін конституциялық тұрғыдан бекемдеудің маңызы ерекше.

Бұған мысал ретінде Конституциямызға сәйкес құрылған екі палаталы Парламентті айтуға болады, әлбетте, өкілетті органның заңшығарушылық аясы шексіз емес, ол қоғамдық қатынастардың ерекше маңызды салаларын қамтиды. Бұл қатынастардың алуан рәуішті болып келетіні сонша, іс жүзінде қоғам мен мемлекеттің барша өмірлік мәнді мәселелері заңдар арқылы реттеліп отырады.

Парламенттің заңнамалық құзыретінің аясын айқын белгілеу заңнамалық биліктің неғұрлым тиімді жұмыс істеуіне қажетті алғышарттар жасап, заң шығару жұмысының пәрменділігі мен сапасын арттырады, оны қатаң конституциялық негізге қояды. Ал, мұның өзі, өз кезегінде, еліміздегі конституциялық заңдылық тәртібін нығайтады. Өркениетті қоғамда Парламенттің қолындағы ықпал ету мен бақылау жасаудың ең қуатты құралдары ұтымды заңдар қабылдау, мемлекеттік бюджетті бекіту, Үкімет қызметінің бағдарламасын мақұлдау немесе қабылдамай тастау, Үкіметтің осы бағдарлама бойынша Парламентке есептілігі, Премьер-министрді тағайындауға келісім беру, сенімсіздік білдіру, Парламент палаталарында үкімет мүшелерінің есептерін тыңдау және Президентке оларды қызметтерінен босату жөнінде ұсыныс жасау болып табылады. Сөйтіп, барлық бақылау жасау өкілеттіктері біздің Конституциямыз бойынша Қазақстан Парламентінің қолына беріліп отыр.

Мұның үстіне, Ұлттық Банктің төрағасын, Бас прокурорды, ҰҚК-нің төрағасын, Жоғарғы Соттың төрағасы мен судьяларын, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен

мүшелерін, сондай-ақ Конституциялық кеңестің құрамының көпшілік бөлігін тағайындау сияқты негізгі кадр мәселелері де Парламенттің немесе оның палаталарының тоқтамды, шешуші сөзінсіз жүзеге аспайды. Осылайша, Қазақстан Парламентінің конституциялық өкілеттігі қазіргі жағдайда барынша ауқымды болып отыр.

Бұрынғы қолданылып келгеніне қарағанда, 1995 жылғы Конституция жаңа институттар енгізді. Бұл арада әңгіме Парламенттің екі палаталы құрылымын, Конституциялық кеңес тағайындау, қолданылып жүрген құқық көздерінің арасалмағын айқындау. Соттардың біртұтас жүйесін құру, биліктің сот тармағының тәуелсіздігін қамтамасыз ететіндей деңгейде оларды жасақтаудың жаңа тәртібі жайында болып отыр.

Еліміздің негізгі Заңы біз үшін алдағы уақытта да өзіміздің биік мақсатымыз — мемлекеттердің әлемдік қоғамдастығына енген, азаматтарының дәулетті лайықты өмір сүруіне барлық жағдай жасалған тәуелсіз экономикалық өркенді мемлекет құру жолындағы ілгері басуымызды реттейтін негіз қалаушы басты құжат болып қала береді.